ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

2024 жылғы 28 қараша №2301-24-00-2/3065 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Р.Балмуханова,
сот отырысының хатшысы Д.Исмаилова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру басқармасының Мақат ауданы білім бөлімінің «Ботақан» ясли-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«Tech Posh Stroi Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор С.Т.Көптілеуов
талап қоюшы өкілдері Ж.У.Кабакова, Р.А.Картпанова

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылғы 05 ақпанда тараптар арасында көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы №11 шарт (келесіде – Шарт) жасалған.

Шарт бойынша жауапкер техникалық ерекшелікке сәйкес, тапсырыс берушіге 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін ай сайын бейнебақылау жүйесіне техникалық қызмет көрсету бойынша міндеттеме қабылдаған.

Шарттың жалпы сомасы – 190 400 теңге.

Талап қоюшымен табыс етілген актілерге сәйкес, жауапкер 2024 жылғы 08 ақпанда, 27 наурызда, 24 сәуірде және 31 шілдеде қызметтер көрсеткен.

Талап қоюшы сотқа талап қойып, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанын, 12 қыркүйекте веб-портал арқылы қызмет көрсету жөнінде өтінім жолданғанын, алайда қызмет бүгінгі күнге дейін көрсетілмегенін, жауапкер байланысқа шықпағанын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілдері талап қоюды қолдап, жауапкер 12 қыркүйектегі өтінім бойынша қызмет көрсетпегенін, байланысқа

шықпағанын, уақыттарын жоғалтқанын көрсетіп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкермен сотқа талапқа қарсы пікір жолданбаған.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің дәлелділігі жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (әрі қарай – АПК) 196-бабының 4- бөлігін басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көзделген мерзімде сотқа тиісті талап қоюмен жүгініп, міндетін орындаған.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамаған, 12 қыркүйекте жолданған өтінім бойынша қызметтер көрсетілмеген, талап қоюшы шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылған.

Мұндай жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабын сот негізді деп таниды және талап қанағаттандырылуға жатады.

Жауапкерден АПК-нің 117-бабының талабына сәйкес, мемлекет кірісіне 1846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 196,117, 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 01.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2025, судья Саудабаев А. Б., 09.01.2025

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Мақат ауданы білім бөлімінің «Ботақан» ясли-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының «Tech Posh Stroi Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Tech Posh Stroi Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Tech Posh Stroi Service» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья к/қ А.Р.Балмуханова
Көшірмесі дұрыс

Төраға А.Б.Саудабаев

Шешім заңды күшіне 05 қаңтар 2025 жылы енді.

Төраға А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Балмуханова А. Р., 01.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.01.2025, судья Саудабаев А. Б., 09.01.2025
2301-24-3-1/3321